

**С. Әділбекқызы,**

ҚГЗУ, конституциялық құқық және мемлекеттік басқару  
кафедрасының 2 курс магистранты

### **Қазақстан Республикасындағы әкімшілік жауаптылықтың кейбір мәселелері**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан әкімшілік реформалардың аясында қоғамдық қатынастарды реттеудің әкімшілік-құқықтық механизмдерін жетілдіру шаралары қабылдануда, олардың ролі соңғы уақытта едәуір өсті.

Қазіргі таңдағы Қазақстанның шынайы өмірі жағдайында әкімшілік жауаптылықта азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін шектейтін нормаларды қабылдау тек заң негізінде ғана жүзеге асырылады. Осындай заңдарды қабылдас бұрын, олардың жобалары конференцияларда талқыланулары қажет.

Сонымен қатар әкімшілік құқық саласындағы көрнекті ғалымдардың міндетті түрде баяндама жасауын тәжірибеге енгізуге де жөн болар еді. Атап айтсақ, әкімшілік жауаптылық институты мемлекеттік мәжбүрлеудің бір нысаны болып табылады, және соған байланысты, оны құқықтық жүйеге енгізілуі және практикада қолданылуы ұтымды болуы тиіс.

Мемлекеттік биліктің заң шығару органдарының ортақ назарына алынатын, әкімшілік-құқықтық нормаларға қазіргі кезде дұрыс көңіл бөлінген деп есептеуге болады. Осы арада әкімшілік құқықтың аса маңызды бөлімі - әкімшілік жауаптылыққа аса үлкен мән берілді.

ҚР ӘҚБтК Қазақстан Республикасының әкімшілік-деликтілік қатынастар аясындағы айрықша басқару пәндерін, сондай-ақ қосарланып басқару аясын түп-тура белгілеп берді [1]. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама саласында ҚР ӘҚБтК басқаруына мыналарды белгілеуді жатқызды: әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы ортақ ережелер мен қағидалар; әкімшілік шаралар түрлерінің және оларды қолданудың ортақ ережелерінің тізімі; республикалық маңыздағы мәселелер бойынша әкімшілік жауаптылық, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарымен және нормативтік құқықтық актілерімен қарастырылған ережелер мен нормаларды бұзу үшін

әкімшілік жауаптылық; әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша шешім қабылдау тәртібі, сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша шешім қабылдауды қамтамасыз ету шараларын белгілеу; әкімшілік шараларды тағайындау туралы жарғыларды орындау тәртібі.

Қазақстандық заң шығарушының мұндай көзқарасын дұрыс деп бағалау қажет [2]. Әкімшілік жауаптылық институтының негізін құраушы ережелер мемлекеттің барлық аймағында біреу ғана болуы керек. Онда қамтылған тұлғалардың құқықтары Қазақстанның кез келген өңірінде бірдей қорғалуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде бірқатар негіз құраушы ережелерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, оның мәні әкімшілік жауаптылықтың күрделі әлеуметтік-құқықтық феноменді құрайтындығында және оны зерттеу нәтижесінде оның келесі белгілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік туындайды:

- ол әлеуметтік маңызды мүдделерді қорғаудағы азаматтық қоғамның қажеттіліктерінің негізгі нысаны және жаңғырығы;
- ол мемлекеттің әкімшілік саясатының заңдық айнасы;
- ол әкімшілік деликтіліктің қарсы әрекетінің негізгі нысандарының бірі;
- мазмұндық жағынан құқыққа қайшы әрекеттер үшін әкімшілік шараларды тағайындау мен қолданудан тұрады;
- демократиялық әкімшілік-юрисдикциялық процесс нысанында жүзеге асырылады.

Әкімшілік деликтіліктің өсу қарқыны, орын алу формалары, құқыққа қайшы әрекеттердің мазмұны мен бағыттары қазақстандық қоғамның қандай да бір даму кезеңінде әкімшілік жауаптылық үлгісін таңдауға елеулі ықпал етеді. Қазіргі заманғы әкімшілік деликтілікке жасалған талдау оның ауқымдылығы, субъектілік құрамның әрі қарай дифференциациясы, қоғамдық қауіптілік деңгейін көтеру, қылмыстылықпен ықпалдастық сияқты оның маңызды қасиеттерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, бұл қасиеттердің жиынтығы қоғамдық қауіпсіздіктің бір қауіп-қатері ретінде көрсетеді және Қазақстан Республикасында әкімшілік саясатты жетілдіруді талап етеді [3].

Қазақстан Республикасының әкімшілік саясатын жүзеге асыру механизмі әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешенін қамтуды

жорамалдайды.

Әлеуметтік шаралар қатарына құқықтық тәртіпті, құқықтық мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасауға, әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасауға себеп болатын факторларды азайтуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды жетілдіру және жүзеге асыру жатады.

Экономикалық шаралар Қазақстан Республикасының әкімшілік саясатын қамтамасыз ету бағдарламаларын жетілдіруді және оларды қаржыландыру тәртібін анықтауды, сондай-ақ құқыққа сай мінез-құлықтың экономикалық ынталандыруын құруды және әкімшілік юрисдикция органдарына жәрдемдесуді қамтиды.

Құқықтық шаралар қатарына әкімшілік жауаптылықты жүзеге асыру тәртібін, негіздемесін және әкімшілік деликтілікке қарсы әрекетті ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жатады. Бұл бағытта Қазақстан Республикасының жалпы аймағы бойынша республикалық деңгейде бекітілген бірегей масштабты құру; әкімшілік-құқықтық тыйымдар санын қысқарту аса маңызды болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. *Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі // Ресми мәтін. Алматы: «БАСПА» ЖШС, 2001.*
2. *Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в Республике Казахстан: Учебное пособие /Под общ. ред. д.ю н., проф С.С Сартаева. Алматы: Данекер, 2000. - 233 с.*
3. *Абдрахманов Б.Е. Социально-правовой контроль и противодействие административной деликтности: историко-правовые аспекты Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года - новый этап в правовом строительстве: мат-лы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 60-летию докт. юрид. наук, проф. Б. Х. Толеубековой / гл. ред. С.Ж. Пралиев. Алматы: КазНПУ им. Абая. 2010. 964 с.*